



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫ БОЙЫНША ПОСТКЕҢЕСТІК ЕЛДЕРДЕ АЛҒАШ РЕТ

21-31 мамыр аралығында өтетін мерейтойлық онкүндікке дайындық шаралары кешегі ректорат отырысының басты тақырыбына айналды.

Бүгінде қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына еліміз ғана емес, шетелдік әріптестер де ерекше көңіл бөліп отыр. ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған мерейтойлық онкүндіктің шымылдығын ашатын III Азия университеттерінің форумына әлемнің 40-тан астам елінен 100-ден астам университет басшылары қатысатынын растады. Осы орайда ректор Ғалым Мұтанұлы шетелдік әріптестікті дамытудың зор мүмкіндігі туып отырғанын тілге тиек етті. Ол, әсіресе, қосдиплом бағдарламасы, оқытушылардың шетелдік тағылымдамасы мен студенттердің шетелдік тәжірибесі шекараларын кеңейтуге қолайлы сәт екендігін баса айтты. «Еуразиялық алуантүрлілік және университеттердің тұрақты дамудағы рөлі» деп аталатын ректорлар форумының тақырыбы тұрақты дамуға негізделген ел президентінің «G-Global» және «Жасыл көпір» идеяларына арналған. Н.Ә. Назарбаев тұрақты дамуды «адамзаттың құтқарушы формуласы» деп атаған болатын. «Қазақстан – тұрақты даму брендіне айналатын ел болады. Еркін елдің болашағы – фундаментальді білім беру мен алдыңғы қатарлы ғылымда», – деді Елбасы. Бүгінгі таңда жоғарғы білім беру орындары әлемді өзгертуші алдыңғы қатарлы озық идеяларды тудыратын ортаға айналып отыр.

Әлемдік қауымдастық үшін аса маңызды болып табылатын тақырып бойынша осындай кең көлемді іс-шара посткеңестік елдерде бірінші рет өткізіліп отырғандығын атап өтуге тиіспіз. ҚазҰУ-дың тұрақты даму саласы бойынша жеткен жетістіктері мен бастамаларын ескере отырып, ұйымдастыру алқасы форумды қазақстандық университет базасында өткізуге шешім қабылдаған.

Сондай-ақ мәжілісте ректор кеңесшісі Әмірхан Естаевтың университет түлектерімен жұмыс жүргізу туралы хабарламасы тыңдалып, факультет декандары аталмыш сұраққа байланысты есеп берді. Жиын барысында эндаумент қорды дамыту, оның мақсаты мен маңызын жеткізу, насихаттау мәселелері көтерілді.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

УАХИТ ШӘЛЕКЕНОВ – 90 ЖАСТА

16 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтің 90 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстан археологиясы мен этнология ғылымының өзекті мәселелері мен даму болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция жұмысын ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Т.С. Рамазанов жүргізді.



Конференцияда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Халық тарих толқынында» бағдарламасы шеңберінде қамтылған Қазақстан археологиясының өзекті мәселелері мен зерттеудің негізгі бағыттары, Орталық Азия түркі халықтарының этникалық тарихын зерттеу, түркі халықтарының өркениеттерін зерттеу, Қазақстан этнологиясының жаңа жетістіктері мен инновациялық зерттеулері және Еуразия халықтарының өзара байланыстары мен Ұлы жібек жолы тақырыптарында мәселелер талқыға салынды.

Конференцияға Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Түркменстан, Түркия мемлекеттерінен белгілі ғалымдар қатысып, түркі халықтарының археологиясы мен этнологиясына қатысты өзекті мәселелерін саралаған ғылыми баяндамалар жасады. Алматы, Астана қалаларындағы ғылыми-зерттеу мекемелерінің, Қазақстанның ЖОО-ларының басшылары мен белгілі ғалымдары қатысып, өзекті ой қозғады. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау облыстары әкімдіктерінің өкілдері конференция жұмысына табыс тілеп, У.Х. Шәлекеновтің өз өңірлеріндегі тарихи-мәдени ескерткіштердің зерттелуіндегі еңбегін аса жоғары бағалады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Өнегелі өмір» сериясының кезекті томы У.Х. Шәлекеновтің өмірі мен қызметіне арналып, конференция барысында тұсауы кесілді. Конференцияға қатысушылар баяндамаларының жинағы жарық көріп, ғылыми айналымға ендірілді.

Т. КАРТАЕВА,
археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры м.а.,
М.Ш. ЭГАМБЕРДИЕВ,
археология, этнология және музеология кафедрасы
меңгерушісінің орынбасары

ШЫҒЫС МҰРАЖАЙЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

16 мамырда ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының ұйымдастыруымен университеттегі серпінді жобаларды жүзеге асыру бағдарламасы аясында Шығыс мұражайының ашылу салтанаты өтті. Жаңа мәдениет үйінің ашылу салтанатына Алматыдағы ҚХР Бас консулының орынбасары Дин Шанлин мырза, жобаның бас демеушісі, «Маңғыстаумұнайгаз» басқармасының төрағасы Сунь Синьюн, Алматыдағы Түркияның Бас консулы Супхи Атан, Алматыдағы Үндістанның Бас консулы Навин Капур, Мысыр мәдени орталығының директоры Ашраф Дервиш, Түркі халықтары мәдени қорының директоры Ахмет ДағДұран мырза, Орта Азия тарихи дипломатиялық қоғамының төрағасы Серік Нарысов және басқалар қатысты.



Алғашқы сөз кезегін алған ҚазҰУ-дың Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаева бұл мұражайдың Қазақстандағы Шығыс мәдениетімен, өркениетімен таныстырып, толық мағлұмат бере алатын жан-жақты таныстыратын алғашқы мұражай екендігін айтты. Дин Шанлин мырза Шығыс мұражайының танымдық, ғылыми құндылығы мол болатын жоба екендігін атап, Алматыдағы ҚХР Бас

консулдығының құттықтауын жеткізді. Ахмет ДағДұран мырза бұл мұражайдың Қазақстандағы алғашқы нұсқасы екендігін айтып, зор болашақ күтетін жоба екендігін атап өтті. Аталмыш мұражайда Шығыс елдерінің тарихи, мәдени құндылығы жоғары ұсынылған. Шығыс мұражайының ресми ашылу салтанатынан соң қонақтар мұражайға саяхат жасап, тамашалады, «Шығыс Мұражайы туралы» фильм көрсетілімі болды, іс-шара соңы қытайтану кафедрасының ұжымы ұйымдастырған концерттік бағдарламаға ұласты.

Шығыс мұражайында ежелгі өркениет ошағы болып табылатын Қытай, Мысыр, Үндістанмен қатар Жапония, Корея, Иран, Түркия секілді Шығыс елдерінің тарихын, мәдениетін және салт-дәстүрін паш ететін құнды жәдігерлер жинақталған. Шығыс мұражайының ашылуына, құнды экспонаттардың жинақталуына шығыстану факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы, жұмыс берушілері мен түлектері зор үлес қосты. Шығыстанушы-мамандар даярлауда аталмыш мұражайдың орны ерекше болмақ, мұражай әлеуетін оқу-тәрбие үдерісінде білім беру ресурсы ретінде тиімді пайдалануға болады. Мұражай қоры болашақта да Шығыстың бұдан да құнды материалдық және рухани ескерткіштерімен толығы беретініне сеніміміз мол.

А.Ә. КЕНЖЕБАЕВА,
шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының доценти

БҮГІНГІ САНДА:

МЕНИҢ
УНИВЕРСИТЕТІМ



4-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ТАЛАЙ ТҮЛЕКТІҢ
АРМАНЫНА
АЙНАЛҒАН ҚАЗҰУ



5-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ЯРКИЕ СТРАНИЦЫ
ЖИЗНИ
УНИВЕРСИТЕТА
В МОЕЙ ПАМЯТИ



6-стр.

В НОГУ СО ВРЕМЕНЕМ – ОБУЧАЮЩИЙ СЕМИНАР

Повышение качества обучения – необходимая составляющая модернизации системы образования, требующая совершенствования учебного процесса. В настоящее время актуальным является не простая сумма знаний, умений и навыков, а компетентностный подход обучения, основанный на необходимости активизации умственно-познавательной деятельности, умениях самостоятельно добывать знания и анализировать информацию.

Еще не так давно считалось, что слово преподавателя является универсальным средством обучения. Сегодня возникает необходимость создания таких условий обучения, при которых студент оказывается в тренировочной ситуации, обеспечивающей активизацию существующих у него знаний, приобретение навыков обработки информации и разрешения ситуации.

Наиболее эффективным приемом для создания проблемной ситуации является демонстрационный материал. Поэтому в настоящее время повышается необходимость сопровождения слова преподавателя демонстрационными и вспомогательными материалами при проведении лекционных и семинарских занятий. Но при этом приоритет необходимо отдавать интерактивным демонстрационным и вспомогательным материалам. В связи с этим в Высшей школе экономики и

бизнеса преподавателями кафедры «Менеджмента и маркетинга» 15 мая на университетском уровне был проведен обучающий семинар на тему «Совершенствование демонстрационного и вспомогательного материала при проведении лекционных и семинарских занятий». Данный семинар был интересен не только преподавателям ВШЭИБ, но преподавателям факультета географии и природопользования, кафедры теплофизики и технической физики КазНУ.

В рамках данного семинара проведен мастер-класс по применению различных презентационных программ при подготовке лекционного материала. Преподаватели получили возможность использования в учебном процессе новых инновационных технологий обучения.

**Ж.Т. КОЖАМКУЛОВА
А.А. АСКЕРОВ**

«Үздік лингвист – 2014»

ҚазҰУ-да маусым сайын дәстүрлі түрде өтіп тұратын жарыстар бар. Олар мәдениет, тарих, білім саласындағы додалар. Әдетте ҚазҰУ белсенділерінің ұйымдастыруымен өтетін жарыстар белгілі бір мерекеге байланысты және мерекелерден тыс жағдайда да өтіп жатады. ҚазҰУ ұйымдастырған әр шараның өз реті, мәні мен мазмұны және бағыты бар. Сондай мәнді де, мағыналы шаралардың бірі - жақында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен ҚазҰУ-дың 80 жылдығына орай өткен «Үздік лингвист – 2014» республикалық зияткерлік байқауы.

Осымен төртінші жыл ұйымдастырылып тұрған байқау шарттарына үнілер болсақ, жарысты бағалаушы әділқазы мүшелері ҚазҰУ студенті, оқытушысы және қызметкері болмауы тиіс. Бұл шарт өз кезегінде байқаудың әділетті өтуіне кепілдік болғандай. Сонымен қазылар алқасында белгілі ғалымдар, ғылым кандидаттары, тіл білімін зерттеушілер және тіл жанашырлары, тіпті саясат өкілдері болды. Атап айтар болсақ, Мамай Ахетов (Алматы қаласы әкімдігі тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы), Анар Фазылжанова (А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалым хатшысы), Серік Үркінбаев (ВикиБілім компаниясының бас редакторы).

Сонымен қатар, арнайы шақырылған қонақтар: Элеонора Сүлейменова (ғалым, ҚазҰУ профессоры), Арман Халбеков («Нұр Отан» ХДП аясындағы «Жас Отан» жастар қанаты Алматы қалалық филиалының атқарушы хатшысы), Тимофей Архангельский (Мәскеу Экономика жоғарғы мектебі ғылыми-зерттеу университетінің доценті) байқаудан қалыс қалмады.

Ойын барысы бірнеше кезеңнен тұрды. Айтар болсақ, «Таныстыруда» әр топ өзін таныстырса, «Ширату» кезеңінде қатысушылар «Лингвистика – 2050» тақырыбында үй тапсырмасын орындай отырып, оны тұсауқесер, видео, көрініс және т.б. түрде қазылар, алқасына ұсынды. Аталған кезеңде креативті

ҚОС ДИПЛОМ: ҚАЗҰУ-УРФУ

ҚазҰУ өзінің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында қос дипломды білім беру бағдарламасы аясында әріптестік қатарын тағы да толықтырды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Урал федералдық университеті әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша қос дипломды магистрлік білім беруді жүзеге асыруда әріптестік келісімшартына қол қойды.

Соңғы он жылдықта интернационализация жоғары білімді трансформациялаудың негізгі факторы болып отыр. Бұл даму бағыты индивидуалды мобильділікті, студенттер немесе оқытушы-профессорлар құрамның білім беру мақсатындағы мобильділігін; білім беру бағдарламасы мен институционалды мобильділікті; оқу бағдарламаларына халықаралық өлшем мен білім беру стандарттарын шоғырландыруды; стратегиялық білім беру альянсын, яғни институционалды әріптестікті құруды қамтиды. Мұндай альянс Қазақстан мен Ресей университеттері арасында құрылып отыр. Екі ел арасындағы достық пен белгілі әлеуметтік-тарихи және геосаяси факторлар осындай стратегиялық әріптестікке ықпал етуде. УрФУ мен ҚазҰУ-да әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша қос дипломды магистрлік білім алған магистрлерге бір уақыт ішінде екі елдің мемлекеттік үлгісіндегі екі диплом алуына мүмкіндігі бар.

Айта кету керек, мұндай әріптесті тандаудың өзі кездейсоқтық емес. Урал федералдық университетінің әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіндегі бәсекелестікке қабілеттілікті көтеру мақсатындағы даму векторының бағыттылығы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің даму бағдарламасында көрсетілген даму векторының бағыттылығымен сәйкес келеді.

Осы әріптестік шеңберінде дайындалған магистрлер немесе мамандар екі ел арасындағы достастықты және ғылыми дамуды әрі қарай жалғастырады, дамытады деген сенімдеміз.

М. МАУЛЬШАРИФ,
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доценті,
И.С. САРЫБАЕВА,
аға оқытушы

тұжырым мен салмақты өнер көрсеткен ҚазҰУ құрамасы мен ҚазҰПУ студенттері болды. ҚазҰУ құрамасы көрерменін болашаққа алып кетсе, ҚазҰПУ құрамасы біздің ойымызға «Асан қайғының ең мықты тіл іздеуі» туралы көрінісімен өткенімізді еске түсірді. Ал «Тест» кезеңінде балы төмен үш студент жарысты тоқтатты. Келесі кезең – «Бәйгеде» әрбір талапкерге үш генеалогиялық және екі типологиялық классификациядан ауызша сұрақ қойылды және балы төмен бес студент ойынды жалғастыра алмады. Бесінші кезең – «Көкпарда» барлық 15 қатысушыдан бесеуі қалған болатын. Кезеңнің шартына сай қатысушылар таңдау пәндері бойынша ұяшықтарға орналасқан сұрақтарға жауап беруі керек. Бұл кезеңде балы төмен екі қатысушымен қош айтыстық. Сайыскерлерге ең қиын түскен кезеңдердің бірі – «Полиглот» болды. Кезең шарттары бойынша қалған үш студентке коммуникативтік жағдаят берілді. Сондай-ақ, бұл сайыста қатысушылардың тілдерді білу деңгейіне баса назар аударылды.

Бұл байқауда соңғы түйенің жүгін көтерген «Жекпе-жек» кезеңінде соңғы мәреге жеткен Райхан Әбішева және Меруерт Төлегенова бір минут ішінде неғұрлым көп сұраққа жауап беруі тиіс еді.

Аталған сайыста кешіміздің жүргізушілері Айдар мен Дина екі қатысушыға 12-14 сұрақ қойып үлгерді. Бұл сайыста екі қатысушының шамалары бір болғанмен, өткен кезеңдерде жинаған балдары бойынша жеңімпаз анықталды. Ол – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті Меруерт Төлегенова. Меруерт барлық кезеңде жинаған 413 балмен жеңімпаз атанды. Екінші орынды 253 балмен ҚазМемҚызПУ студенті Райхан Әбішева алса, 220 балмен Сүлеймен Демирел атындағы университетінің студенті Әйкерім Ақанова үшінші орынды қанағат тұтты.

Жеңімпаздарға ҚазҰУ мен «Жас Отан» жастар қанатының атынан естелік сыйлықтар табыс етілді. Сонымен қатар, бірінші орын иесіне қаршаңырағымыздың «Сұңқар» кәсіподағының төрайымы Айдана Сыдықова «Ыстық Келге жолдама» арнайы сыйлығын табыс етті.

Ұлболсын ИЛЬЯСҚЫЗЫ,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
«лингвистика» мамандығының
1-курс студенті

«УСВОЕНИЕ ЯЗЫКА: ТЕОРИЯ И ЭМПИРИЯ»

Кафедра языковой и общеобразовательной подготовки факультета довузовского образования иностранцев провела международную научно-методическую виртуальную конференцию «Усвоение языка: теория и эмпирия», посвященную 80-летию КазНУ.

На протяжении последних трех лет кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев организует виртуальное общение между учеными таких государств, как Россия, Венгрия, Болгария, Финляндия, Нидерланды, Венгрия, Испания, Италия, США, Украина, Армения, Индия, Япония, Китай и др. Проведение ежегодной Международной конференции стало доброй традицией и весомым событием в научной жизни факультета.

В этом году конференция позволила обсудить актуальные проблемы лингвистики с известными учеными из России, Македонии, Чехии, Турции, Южной Кореи, Грузии и Казахстана.

На пленарном заседании были представлены доклады доктора педагогических наук, декана Факультета повышения квалификации преподавателей, профессора РУДН им. Патриса Лумумбы Татьяны Балыхиной «Дидактический портрет инновационной методики РКИ» (Россия), доктора Paed Dr., доктора филологических наук Ph.D.,

педагога-специалиста Национального института образования Праги Гренаровой Рене «Оценивание, оценка и самооценка учебных достижений учеников с нарушениями развития школьных навыков при обучении иностранным языкам с точки зрения учителей иностранных языков» (Чешская Республика), д.ф.н., профессора Государственного Технического Университета Грузии Тamar Мебуке «Учет роли авторской интенции при обучении интерпретации художественного текста» (Грузия), доктора филологических наук, Adgi -brahim Çeçen University, профессора КазНУ Зинаиды Сабитовой «Изучение русского языка и русской культуры в казахстанских школах: формирование лингвокультурной компетенции» (Турция), доктора филологических наук, профессора Государственного университета им. Акакия Церетели Бобохидзе Ноны Турамовны «О модернизации преподавания РКИ» (Грузия), д.ф.н., профессора КазНУ Людмилы Екшембаевой «О когнитивных механизмах усвоения РКИ» (Казахстан),

к.э.н., преподавателя Международного славянского университета «Гаврило Романович Державин» Юлии Атанасовска «Формирование лингвокультурной компетенции при обучении специальности: экономика» (Республика Македония). В докладах внимание исследователей акцентировано на современном состоянии теории и практики применения информационных технологий в учебном процессе, межкультурной коммуникации, обучающем пространстве как средстве организации учебного процесса и дан анализ состояния и проблем вузовского и школьного образования с позиций преподавания языков.

Наибольший интерес участников конференции и оживленное обсуждение на секциях вызвали проблемы межкультурной коммуникации, лингводидактического описания и преподавания казахской и русской фонетики, лексики и грамматики, вопросы изучения и преподавания казахского и русского языков как иностранных, представленных в докладах, к.ф.н., доцента Кутаисского государственного университета им. Акакия Церетели Чхеидзе Валентины Валериановны «О некоторых принципах языковой интерпретации общей картины мира», старшего преподавателя университета Суван Деполян Каринэ Александровны «Особенности вос-

приятия русской антропонимической системы южно-корейскими учащимися», старшего преподавателя КазНУ Ирины Сапроновой «Использование рекламных текстов на занятиях ЯДО», к.ф.н., доцента КазНУ Дианы Толмачевой «Способы семантизации лексики при обучении русскому языку иностранных студентов».

Участники встречи отметили актуальность направлений, обсужденных на конференции, общую заинтересованность проблемой, рассмотренных на секциях, в целом конференция получила высокую оценку со стороны участников и гостей за отличную организацию.

Доклады содержали научную, интересную и полезную информацию. Идеи и методы работы в современных условиях, озвученные во многих докладах, заслуживают изучения и применения. В заключение были предложены вопросы и даны рекомендации для следующей конференции. По материалам конференции планируется издание научного сборника.

Г.К. ИХСАНГАЛИЕВА,
д.ф.н., профессор,
Ж.С. НУРЖАНОВА,
к.ф.н., доцент кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев

24 мамырда мерейтойлық онкүндік аясында «Білімнен біліктілікке – кәсіби өсу жолы» атты ҚазҰУ жазғы семестрінің ашылуы болады

НАВСТРЕЧУ НОВЫМ РУБЕЖАМ

Наступивший 2014 год – это год юбилейный в истории Казахского национального университета имени аль-Фараби. Восьмидесятилетняя история университета известна яркими историческими событиями, высокими достижениями. Так случилось, что юбилей КазНУ неразрывно связан с юбилеями его преподавателей и выпускников.

В их числе - выдающиеся политики, известные ученые, творческие и общественные деятели. Многие из них внесли существенный вклад в развитие нашей страны, в воспитание молодого поколения, в развитие экономики и финансовой системы независимого Казахстана, их знания и идеи легли в основу принятия многих политических и административных решений. В ходе нашей встречи 19 марта 2014 года Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев отметил, что КазНУ является одним из крупнейших учебных заведений республики, а его выпускники работают во всех секторах экономики.

Среди них особое место занимает выпускник 1981 года юридического факультета Председатель Верховного Суда Республики Казахстан, доктор юридических наук Кайрат Абдразакович Мамаи.

В его жизни нынешний год тоже юбилейный, и есть возможность вспомнить собственное становление, еще раз оценить свое развитие как специалиста и личности и увидеть новые творческие горизонты.

В годы обучения в университете он зарекомендовал себя только с положительной стороны, добросовестно и большим желанием изучал гранит науки. Самой отличительной чертой студента К.Мамаи был его искренний, неподдельный интерес к профессии юриста, а также его активная позиция в жизни факультета. В памяти преподавателей Кайрат Абдразакович остался добросовестным, ответственным, настоящим лидером, каким и является на сегодняшний день.

В свою очередь, Кайрат Абдразакович, занимая высокие политические должности, активно участвуя в жизни страны, возглавляя судебную систему,

будучи членом Высшего судебного совета Республики Казахстан, Совета Парламентской Ассамблеи тюркоязычных государств, заместителем руководителя Администрации Президента Республики Казахстан, вице-министром юстиции Республики Казахстан, Генеральным прокурором Республики Казахстан, Председателем Межпарламентской Ассамблеи Евразийского экономического сообщества, Сената Парламента, а затем Верховного Суда Казахстана, не оставлял без внимания свой родной университет, свои истоки.

Занимая высокие политические государственные должности, активно участвуя в жизни страны, возглавляя судебную систему, а затем и Сенат Парламента Казахстана, Кайрат Абдразакович никогда не оставлял без внимания и участия свой родной университет. Никогда не прерывалась та невидимая связь между выпускником и родным альма-матер, который заложил интерес к науке и жизни, помог выработать правильные человеческие и профессиональные позиции. Активная жизненная позиция, стремление к новшества, внимание к сфере образования, научно-исследовательская деятельность послужили тому, что руководство КазНУ обратилось к Кайрату Абдразаковичу с просьбой возглавить Ассоциацию выпускников университета.

Ассоциация выпускников представляет собой объединение выпускников разных лет КазНУ (КазГУ), созданное с целью обеспечения совместной деятельности, определяемой общностью интересов выпускников Alma Mater. Такого рода общественные формирования являются весьма значимыми за рубежом, и членство в них считается большой частью. Первой ассоциацией, созданной в Казахстане, стала Ассоциация выпускников КазНУ,

бессменным руководителем которой стал господин К.А. Мамаи.

На данном посту господином К. Мамаи было сделано много дел. Именно по инициативе Кайрата Абдразаковича был оснащен ряд аудиторий юридического факультета, создан кабинет судебного заседания, оказывается серьезная поддержка библиотечному и социальному фонду университета. Социальная поддержка преподавателей и студентов является одним из важных направлений, ежегодно выделяется солидная материальная поддержка, в том числе и в виде стипендий, многие из которых выделяются нашими выпускниками. Люди, достигшие успеха и признания в жизни, стараются поделиться ими со своими последователями, создавая тем самым нерушимую связь поколений. Такая связь, внимание и помощь не остаются безответными. В свою очередь, благодарные стипендиаты прилагают все возможные усилия в учебе и работе. Многим такая поддержка нужна и в процессе обучения за рубежом в процессе получения двухдипломного образования или прохождений учебных курсов в ведущих университетах мира, тем самым рекламируя свой альма-матер, добиваясь мирового признания, апробируя свои научные результаты не только в рамках своей страны.

Ассоциация продолжает чтить и с уважением относиться к замечательным традициям своих предшественников, помогает эффективно решать стоящие перед университетом задачи. Ассоциацией поддерживаются различные инициативы нашего университета, в том числе и по реализации перспективных образовательных и научно-исследовательских проектов и программ. Тем самым показывая и оставляя яркие моменты для будущего поколения, а также подтверждая свое жизненное кредо – "Делать добро людям" на деле.

Кайрат Абдразакович считает необходимым делиться с молодым поколением огромным объемом

знаний, опытом правотворческой и правозащитной деятельности, наработанным за все годы службы на благо отечества. Он является автором ряда учебных пособий и монографии по проблемам и перспективам развития правоохранительной системы страны.

При встречах с коллективом КазНУ Кайрат Абдразакович всегда подчеркивает необходимость совершенствования образовательного процесса, его тесную связь с практикой, ориентированность на требования ведущих работодателей. Все это лишний раз подчеркивает отношение господина К. Мамаи к качеству будущих кадров, что является ярким показателем стратегического подхода к будущему нашей страны. Это же является индикатором того, что Кайрат Абдразакович держит руку на пульсе современных тенденций в области образования, живо интересуется новейшими инновациями в данной области, отслеживает их внедрение в Казахстане и за рубежом.

Кайрат Абдразакович своим примером доказывает, что диплом выпускника КазНУ – это твердая гарантия глубоких, фундаментальных знаний, отличных практических умений и навыков работы.

Благодаря этим самым качествам, Кайрат Абдразакович отмечен многими государственными и международными наградами, премиями, почетными званиями.

В такой день приходит твердое осознание того, что потенциал и творческие силы Кайрата Абдразаковича настолько многогранны, что данный юбилей понимается как еще одна отправная точка для многих славных дел на благо Казахстана.

Д.Л. БАЙДЕЛЬДИНОВ,

декан юридического факультета

КазНУ, д.ю.н., профессор;

А.Е. ЖАТКАНБАЕВА,

заведующая кафедрой таможенного,

финансового и экологического права

КазНУ, д.ю.н., профессор

ЭТНОГРАФ ҒАЛЫМ

Жақында «Этнолог» клубының ұйымдастыруымен т.ғ.д., профессор Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтің 90 жылдығына орай «УХ. Шәлекенов – этнограф ғалым» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында ғалым Уахит Хамзаұлының өмірі мен қызметі туралы 2-курс студенті Рустем Қайратұлы таныстырды. Сонымен қатар, ғалымның этнографиялық тақырыптарға байланысты жазылған еңбектері жөнінде Мөлдір Қанатбекова, Айнұр Ермекбаева, Балнұр Қуандық, Арман Сансызбаевтар баяндама жасап, клуб мүшелері қызығушылықпен талқылады. Өмірі мен еңбек жолы студент жастар үшін өнеге болатын Уахит Хамзаұлының тарих ғылымына қосқан үлесі зор. Ғалым, педогог, соғыс және еңбек ардагері, бүгінде ҚазҰУ-да қызмет істейді. Уахит Хамзаұлын 90 жасқа толған кемелденген жасында ұлағатты ұстаз ретінде білеміз.

Б.Ш. СОЛТІЕВА,

«Этнолог» клубының жетекшісі

«AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» ҚҰРУДА АҚЫЛДЫ КАФЕДРАНЫҢ ОРНЫ ЗОР

Философия және саясаттану факультетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы «ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ф.М. Мұтановтың «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» 2020 жылға дейін жоспарланған стратегиясының жобасын жүзеге асыру негізінде «SMART DEPARTMENT – АҚЫЛДЫ КАФЕДРА» Тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында әдістемелік семинар өткізді.

Әдістемелік семинардың мақсаты – әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының тиімді даму бағыттарын анықтау, ақылды студент, ақылды оқытушы-профессорлар құрамын, ақылды ұйымдастыру, әкімшілік және басқару жүйесін қалыптастыру мәселесін талқылау болды.

Осы мақсатта кафедра профессоры К.У. Биекенов баяндама жасап, көтерілген мәселелер мен ұсыныстар талқыға салынды.

Профессордың айтуынша, «ақылды кафедра» дегеніміз – кадрларды дайындауда өзіндік жеке бағдарламасы бар, білім беру сапасын қамтамасыз ететін, бітірушілерінің жұмыспен қамтылуын және олардың алдағы мансабымен айналысатын кафедра.

Қазіргі ғылым өте жылдам қарқынмен дамып, әрбір 3 жыл сайын өзгеріп отырғандығын байқаймыз. Сондықтан кафедралар қазіргі теориялар мен шындықтарды сипаттайтын жаңартылған бағдарламалар мен оқулықтарға ие болуы тиіс. Студенттерге сөзжұмбақтық емес, энциклопедиялық білім беру керек.

Сондай-ақ, білім беру, ғылым және өндірісті біріктіре алатын

кафедра ақылды кафедра болып саналады. Ақылды кафедраның жұмыс берушілермен одағы, өзіндік ғылыми мектебі болады. Әрине, міндетті түрде оқытушы мен студент арасындағы одақтың болуы да басты маңыздылыққа ие екендігі де айтылды.

Әдістемелік семинар барысында ақылды кафедра құруға қатысты түрлі мәселелер қозғалып, біршама шешімдер қабылданды. Соның ішінде студенттердің өндірістік тәжірибе базасын кеңейту қолға алынды. Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс мамандықтары бойынша түрлі мекемелермен келісім-шарт жасау, жүйелі түрде теория мен тәжірибені байланыстыру көзделді. Сондай-ақ, жұмыс берушілермен қарым-қатынасты нығайту жоспарланды.

Ақылды кафедраны құру арқылы біз білікті маман иелерін, «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY», жалпы ақылды қоғамды құра алатындығымызға сенімділік білдіреміз.

Д.Н. НҰРАН,

әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға

оқытушысы

МЕНИҢ УНИВЕРСИТЕТИМ

Өткен өмір жолын еске алып, болашағына үмітпен қарап, тіршілігін пайымдау тек адам баласына тән қасиет.

Менің баяндағалы отырған ойымның негізі, 80 жылдық мерейтойын тойлағалы отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 55 жыл бойы үзбей еңбек еткен кезімдегі білім ордасында болған тарихи кезеңдердегі өзгерістер мен университеттің дамуына, көркеюіне үлесін қосқан ұстаздардың, ғалымдардың аттарын атап, еске ала отырып, қазіргі және кейінгі жастарға үлгі болсын деген ниетпен жазып отырмын. Тағы да тұрткі болған фактор, менің осы университеттегі биология факультетіне 1960 жылы келіп түсіп, жоғары білім алып, лаборант, кіші ғылыми қызметкер, ассистент, доцент, профессор деген дәрежелерге жетіп, сонымен бірге, факультет деканының орынбасары, деканы, кафедра меңгерушісі болып, әкімшілік жұмыстарды да атқарып, жеке тұлға болып қалыптасуыма орасан зор әсерін тигізіп, қамқорлық жасағандығына ризашылығымды білдіру. Тағы да бір уәж еткен жәйт, менің отбасыма да балам мен зайыбым да университеттің түлектері. Қызым Анель, биология факультетін қызыл дипломмен бітіріп, биология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алып, бизнес саласында еңбек етіп жүр. Ұлым Ербол экономика факультетін қызыл дипломмен бітіріп, сосын КИМЭП оқу орнын тәмамдап, финансы саласында жұмыс атқарып жатса, зайыбым Каржасова Аккизат Вайханқызы – биология факультетін 1967 жылы аяқтап, аспирантура бітіріп, академик Т.Б. Дарқанбаевтың жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін 30 жылдай осы факультетте ұстаздық қызметін атқарып, қазір демалыста. Сондықтан менің университетім деп жұрт алдында мақтанышпен жария етуге толық құқымы бар.

1960 жылы осы аталған университетке оқуға түстім. Ол кезде 60 адам ғана қабылданатын. Түсу емтиханы қазақ тілінде өткенімен, оқу үдерісі орыс тілінде жүреді. Алғашқы кездері көп қиындықтарға кездестік. Дәріс оқу орысша, оқу құралдары тек орыс тілінде. Кітапхана тар, кітап қоры аз, барып дайындалу үшін сабақтан кейін сағат 15.00 - де кезекке тұрып бір сағаттан кейін кіріп, түнгі 22.00-23.00-де бізге шығындар дегенше дайындалып, жатақханамызға кейде трамваймен, кейде жаулап жететін едік. Ал, қазіргі студенттерге қарасақ, бұлардың жағдайы «жұмақтар» жүргенмен іспеттес. Барлығы да бір жерден табылады: жатақхана, кітапхана, оқу ғимараты, әр оқу ғимаратында оқу залы, компьютерлі класс, асхана, кинозал, емдеу орталығы, спорт зал. Осы жағдайларды көзбен көріп, салыстыра отырып, қазіргі студенттер сондай бақытты заманда білім алып жатыр деген ой келеді.

Сондықтан да біздің жастар өз тілін жақсы біліп, қадірлеп, басқа да шет тілдерін үйренсе, болашақ өмірінде ешқандай да қиындыққа ұшырамайды, оны жеңіп шығады.

Осыған орай, сол кездегі студент жастарға қиындықтарды жеңіп алдымызға қойған мақсаттарымызға жетуге моральдық, материалдық көмек көрсетіп, рухани қалыптасуымызға аянбай қол ұшын берген, сүйеу болған ағайыларымыз бен апайларымызды да еске алғанды жөн көрдім.

Осы жайлы кезең-кезеңге бөліп айтар болсақ, өткен ғасырдың 60 жылдарындағы университетіміздің биология факультетінің өсіп, дамуына мамандар дайындауына зор үлесін қосқан ерекше ұстаздарының бірі – академик Темірбай Байбосынұлы Дарқанбаев.

XX ғасырдың 30 жылдарындағы қазақ жастарының арасынан бірінші болып 1931-1936 жылдар аралығында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің биология факультетін бітіріп, 1943-1946 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, содан кейін

1955-1961 жылдары ректор қызметін атқарып, 1946-1970 жылдары биология факультетінде өсімдік биохимиясы мен физиологиясы кафедрасын басқарып (қазіргі физиология, биохимия және биотехнология) көптеген ғылым докторларын, кандидаттарын дайындаған. Қазақстанда алғаш рет «Молекулалы биология және биохимия» институтын ашып, осы саладан мамандар дайындауға зор үлесін қосқан ғалым, ұстаз. Үшінші курста оқып жүргенде бізге биохимия пәнінен дәріс оқығаны әлі көз алдымда. Біздің орыс тілінен қиналғанымызды сезініп, кейде қазақ тілінде де оқып жіберетін. Орыс тілді студенттер аузын ашып қарап қалатын. Мына ағай не айтып тұр дегендей. Әсіресе коллоквиум, емтихан тапсырғанда бізбен еркін қазақ тілінде әңгімелесетін. Міне, осы кісінің бойынан даналығын, білімдарлығын, адамды құрметтеу сынды қасиеттерін сол кезден байқаған едік. Осылардың бәрі бізге зор әсер қалдырды.

Сол жылдары биология факультетінде басқа да ғұлама ғалымдар мен ұстаздар еңбек етіп, бізге тәлім-тәрбие берген еді. Олар – б.ғ.д., профессорлар В.С. Корнилова, Н.Л. Удольская, Н.З. Кусаинова, академик Г.З. Бияшев, б.ғ.д., профессор Т.М. Мәсенов, б.ғ.д., профессор В.И.Фурсов және менің ғылыми жетекшім, адам және жануарлар физиология кафедрасының меңгерушісі Авазбакиева Магинур Фаткуловна. Бұлар – сол заманның дара тұлғалары. Әрқайсысы биология ғылымының саласына маңызды, мазмұнды еңбектерін қалдырып, студент қауымды тәрбиелеп, білім беріп университетіміздің 80 жылдық тарихында мәңгі ізін қалдырды. Бұл кісілер университетіміздің тарихындағы алдыңғы буын тұлғалар болса, 1970 жылдардағы орта буын ұстаздарымды да атап өту менің басты парызым.

XX ғасырдың 70 жылдарында университеттің және биология факультетінің тарихында есте қаларлық даму қарқыны басталды. Ол дегеніміз, 1958 жылдарда сол кездегі ректор Т.Б. Дарқанбаевтың бастауымен университеттің жаңа оқу ғимаратының жобасы бекітіліп, қала ішінен құрылыс орнын беру жайлы үкіметтің қаулысы қабылданды. Қала басшылары құрылыс орнына екі нұсқа ұсыныпты, бірі қаладан алыс Каргалинка деген районнан, екіншісі қазіргі политикалық университеттің ғимараты тұрған жер. Екі ұсыныс та ректорды қанағаттандырмаған. Сол жоба 13 жыл бойы тоқтап, тек 1971 жылы жаңа ғана ректорлық қызметке келген Өмірбек Арсланұлы Жолдасбековтің ерен еңбегінің арқасында ҚазҰУ қалашығы 90 гектар жерді алып, Алматыдағы ең сұлу, гүлденген, мәдени ландшафтағы экожүйелік қалашығына айналды.

Осы бастама биология факультетінің де дамуына ықпалын тигізді. 1978 жылы факультет 5 қабатты, 4 блоктан тұратын оқу корпусына көшті. Әрине, осындай сұлу, кең, жарық оқу ғимараты білім мен ғылымның дамуына оңтайлы жағдай туғызды. Сол кездегі орта буындағы ұстаз ғалымдарымыздың көбісі осы уақытқа дейін қызметін жалғастырып, студенттерге тәлім-тәрбиесін беріп келеді. Олар академик Иса Омарұлы Байтуллин факультетімізді 10 жылдан артық басқарған, ғылыми еңбектерімен дүние жүзіне белгілі ботаник, ризолог, эколог көптеген шәкірттерді ғылымға дайындаған ғалым, ұстаз, құрметті, қадірлі ағамыз деп те еркелеп айтамыз.

Академик Майя Хажетдинқызы Шығаева 1975 жылдан 1986 жылға дейін факультет деканы болды. Көп жыл бойы микробиология кафедрасын басқарып, осы салада субелі еңбектерімен көптеген шет елдер ғалымдарын тандандырып, микробиология ғылыми мектебін қалыптастырған, осы уақытқа дейін дәрістер оқып, ғылымға көптеген шәкірттерін дайындап келеді. Жоғарыдағы аты аталған ғалымдарымыздың өкшесін басып, факультетіміздің көркейіп, одан әрі дамуына үлесін қосқан соңғы оуындағылар бар. Олар: б.ғ.д.,

профессорлар Н.М.Мухитдинов, С.Т.Төлеуханов, С.Т.Нуртазин, К.Ә.Сапаров, В.М.Иношин, Т.М. Шалахметова, З.К.Айташова.

Еліміз егемендігін алған алғашқы 1991 жылдары университетімізге ректор болып тағайындалған академик Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев, басқа оқу орындары қаржының тапшылығынан жатақханаларын сатып немесе ұзақ жылға жалға беріп жатқанда, ҚазҰУ-дың әрбір жатақханасын, оқу ғимаратын, тіпті биология факультетінің 33 гектар жерді алып жатқан оқу-тәжірибелік жер телімін, Ыстықкөл жағалауындағы студенттер мен мұғалімдердің демалу лагеріне дейін қызғыштай қорғап, әртүрлі қыспақтарға қарсы тұра білді. Осының нәтижесі ҚазҰУ қалашығының одан әрі көркеюіне, университет ұжымының табысты еңбек етіп дамуына, университетке түсуге деген жастардың қызығуына орасан зор ықпал жасады. Әлі есімде, сол кезде университет қызметкерін тұрғын үймен қамтамасыз ету де күрт үзілді. Сонда да болса Көпжасар Нәрібайұлы 20-ға жақын мұғалімге, оның ішінде 10-15 жыл кезекте тұрғандардың алдыңғыларына университет қаржысына үкіметтен үй сатып алып беруге ықпалын тигізді.

1991 жылы университетіміздің атын қазақтың ғұлама ғалымы Әбу – Насыр Әл-Фараби атына өзгертуіне де көп еңбегін сіңіргенде Көбекең ағамыз.

Әрине, университетіміздің дамуына, көркеюіне үлесін қосқан осындай басшыларымыз бар. Олардың барлығына тоқтап жату үшін ұзақ тарихи романдар жазуға болады.

Енді университетіміздегі және факультетіміздің соңғы жылдардағы жетістіктеріне тоқталатын болсам, ауыз толтырып айтарлықтай табыстарымыз бар. Осы бағыттағы университеттің алдына қойып отырған мақсаты мен міндеттері – білім беру, ғылым мен инновацияның тиімді ықпалдастығы негізінде, қазіргі интеллектуалды талаптарға және Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сай кадрларын әлеуетті – жаңа формациялық мамандарын қалыптастырып, әлемнің алдыңғы қатарлы зерттеу университеттерінің қатарынан орын алу. Осыған орай университетімізде инновациялық білім беру үдерісі ұйымдастырылып, басқарудың бірыңғай жүйесі қолға алынып, жеке білім алу траекториясының модульді оқыту технологиясында, академиялық ұтқырлық бойынша шет елдің үздік университетімен бірігіп, қос дипломдық білім беру тәжірибе жүзінде іске асырылып жатыр. Осы айтылған іс-шаралардың барлығының одан әрі дамуына, көркеюіне, оқу ордасының гүлденуіне университетімізге 2009 жылдары ректорлық қызметке тағайындалған академик Ғалым Мұтанұлы Мұтанов бар күш-жігерін салуда.

Сондай-ақ ҚазҰУ қалашығында үш факультеттің (физика, математика, химия) оқу ғимараттарының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілсе, көркем қалашықтың дәл ортасында сәулетті әл-Фараби ғылыми кітапханасының құрылысы бітіп, іске қосылды. Бұл – университет ұстаздары мен студенттерінің мәңгі есінде қалатын сыйлық.

Осындай табыстардың нәтижесі факультеттерге, оның ішінде, мен еңбек етіп жатқан биология факультетінің дамуына, жаңарып көркеюіне ықпал жасауда. Индикативті жұмыс көрсеткіші бойынша университеттегі он үш факультеттердің ішінен біздің факультет соңғы үш жылда бірінші, екінші орынды жеңіп алса, университеттегі кафедралар бойынша биофизика және биомедицина кафедрасы соңғы екі жылда бірінші орынды әлі ешкімге берген жоқ. Ол дегеніміз, факультет ұжымы мен кафедраның ұстаздары мен ғылыми қызметкерлерінің, бакалавр, магистр, докторанттарының ерен еңбегінің нәтижесі деп қуанышпен айтамын. Бұл университеттің тарихындағы, менің есімдегі кішкентай ғана көріністері. Университетіміздің әлі де болса еліне, халқына білімді, білікті мамандар дайындай отырып, ғылым саласын одан әрі дамытып, заманауи талаптарға сай талай-талай биіктерден көрінуіне толық мүмкіндігі бар.

Нуртай ТОРМАНОВ,
биофизика және биомедицина кафедрасының профессоры

«Ұстаздық - ұлы қызмет»

Қашанда «ұстаз» деген есімді ардақтаған халықпыз, шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» демекші ұлағатты, білімді, ғылым жолында еңбегі сіңген ардагер ұстаздар студенттермен кездесіп, өздерінің ақыл-кеңестерін беріп, ғылым жолына баулып, болашақ жақсы маман иесі болуына ықпал ету мақсатында жақында биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасының «Биофизика және биомедицина проблемалары» студенттер үйірмесі мен куратор-здравйерлерінің және «Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруларымен «Ұстаздық - ұлы қызмет» тақырыбында ардагер – ұстаз б.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Х.Д.Дүйсембинмен кездесу кеші өтті.

Ардагер-ұстаз Х.Д. Дүйсембин балалық шағы мен студенттік өмірінен бастап қиындығы мен қуанышы қатар жүретін ғылым жолымен, қазақ тілінде жарық көрген оқулықтарымен, ғылыми еңбектерімен таныстырды. Студенттер сұрақтарын қойып, ұтымды жауаптарын алды. Кеш соңында: «Жастар, сендерге айтарым аянбай еңбек етіндер, ізденуден жалықпандар, еліміздің көркеюі мен дамуына өз үлестеріңді қосатын азамат болындар», – деп ұлағатты ұстаз жастарға өсиетін білдірді. Әр студенттің жүрегінде үміт сәулесі оянды. Қарапайым адам бүгінде ел таныған, өз еліміз ғана емес шетел ғалымдары мойындаған академик, ел ағасына айналып отыр.

М.С. КУЛБАЕВА,
«Биофизика және биомедицина проблемалары» студенттер үйірмесінің жетекшісі

ҚАРА ШАҢЫРАҚҚА - 80 ЖЫЛ

ҚазҰУ әлемдік университеттер рейтингіндегі өз орнын табанды түрде сақтап келеді. Соңғы жылдары университет өз рейтингісін айтарлықтай көтеруге қол жеткізді, бұл оған ғаламдық деңгейдегі жоғары білімнің бәсекеге қабілетті ортасының толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік береді.

Осы орайда, айта кететін жай, университетті 16 жылдан аса басқарып, қазіргі құтты қонысына қондырған, Қазақстанда машина механизмінің теориясының негізін қалаушы аса көрнекті ғалым, академик Ө.А. Жолдасбеков ағамыздың және өзі басқарған кафедра ғалымдарының бізге берген дәрісі, өмір жолы болашақ жастарға, ғалымдар қауымына өнеге.

Бүгінде осындай дәрежеге жеткен жетістіктеріме ғылыми жетекшім әрі бірге туған бауырымдай болған академик М.Б.Кенжеғозиннің қамқор болғаны естен кетпейді. Сондай-ақ 4 жыл бір бөлмеде тұрып, «мех-мат» - та студенттік өмірдің қызығы мен шығығын бірге көрген, қазіргі кезде осы университетте қызмет істеп жатқан ғылым кандидаттары А. Сейдахметов, Б. Еспаев, М. Баймұханбетов бәріміз қатар өсіп келеміз. Жарым – Жібек те осында физика факультетін бітірген. Барлығы да ұлағатты ұстаздар, тәжірибелі ғалым болумен қатар сүйікті жар, сыйлы әке, қадірлі ата.

Өз басым осы университетте білім алып, қазір осында жұмыс істеп жүргенімді мақтан тұтамын. Осы жылдар аралығында еліміздің маңдайалды азаматтарын білім бұлағымен сусындатқан университеттің ұжымын мерейтойларымен құттықтай отырып, дендеріне саулық, еңбектеріне табыс тілеймін!

Бақытқан ДӘУЛЕТБАҚОВ,
академик,
экономика кафедрасының профессоры

ЭДВАЙЗЕРДІҢ ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕГІ

Студенттерге дайындығы мол сапалы дәріс беру, күнделікті оқу үдерісімен қатар ғылыми ізденістен шет қалмау, біліммен егіз жүретін тәрбие жұмысы – эдвайзерлік міндет, бәрі – үлкен жауапкершілікті қажет ететін ҚазҰУ оқытушысының бүгінгі бейнесі осындай тынымсыз жұмыс сатыларынан көрінеді. Солардың бірі – доцент Мәкен Мамаева. Бәсекеге қабілетті маман дайындау оқытушылар тарапынан тек біліммен қаруланған студентті ғана емес, өз ортасы мен кейінгі ұрпағына үлгі бола білетін, адами қасиеттері жан-жақты қалыптасқан рухы биік азаматтарды үлкен өмірге аттандыру деп есептейді топ эдвайзері М. Мамаева. Бакалаврлық 4 жылдың ішінде ерік-жігері мықты, талап қоюдан жалықпайтын эдвайзерге жолыққан топтың 24 студентінің университетте үйренген, көңіліне тоқыған тағылымы мол ерекше күндері есте қалатынына эдвайзер бек сенімді. Өйткені ұйымшыл ұжымның бірге атқарған сан түрлі жұмыстары тек нәтижемен ғана жан-жағын тандандыра алғанын әріптестер тамсана қызыға айтып жүреді.

Мәкен Қасымбекқызының эдвайзерлік тобында болашақ ғалымдар, атақты ақындар, іскер азаматтар оқып жүргеніне қазірден-ақ көз жеткізуге болады. Өйткені ғылыми олимпиадалардың бас жүлделерін үнемі Маржан Үкібаева алып қайтады. Ал Әсемгүл Жұмажанова – Жапонияда, Дәметкен Абдуллаева мен Шерхан Талапов – Түркияда халықаралық білім беру мен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алауда. Топ студенттерінің 70%-ы университеттегі әртүрлі клубтардың («Көкжиек», «Таным», «Ай-Ару», «Түлек», «Лингвистикалық болжау», «Көмек», «Сұңқар», т.б.) мүшесі. Демек, әр студенттің уақыты тек дәріс тыңдаумен емес, жан-жақты маман болудың қыр-сырын ізденіп жүріп үйренетінімен ерекшеленеді.

Университет ректоры Ғалым Мұтановтың «Айналаңды нұрландыр!» жобасы жастар арасында ізгілік пен қайырымдылық шараларының белең алуына ықпал етті. Осы орайда топ 3 жылдан бері №3 жетім балаларға арналған мектеп-интернаттың 1 «в»

сыныбындағы 6-7 жасар балаларын қамқорлыққа алған. Қазір бұл мектеп-интернат «Жанұя» деп аталады. Сыныптың тәрбиешісі Кәрімжанова Ләйламен тығыз байланыс орнатып, сыныпқа қажетті көрнекі құралдар, оқу құралдарын әперіп, сыныптағы ата-анасыз екі балаға (Дильназ бен Руслан) материалдық жағынан көмектесіп тұрады. Биылғы жылдың қазан, ақпан, наурыз айларында балалар үйіне барып, тәрбиешіге көмектесіп, балаларға ойыншықтар, суретті кітаптар, топқа қажеті көрнекі құралдар сыйлап, балалардың демалыс бөлмесін жабдықтады.

Топта өткізілетін ашық тәрбие сағаттарының тақырыптары іс-шаралардың нәтижелі, өте маңызды, қызықты болатынын бірден аңғартады: «Қалдырған ізін мәңгілік», «Тәуелсіздік туғыры», «Сыйынар ем ана деген тәңірге», «Түстер сөйлейді», т.б. «ҚазҰУ студенті оқуы тиіс 100 кітап» аясында О.Бөкейдің «Атаукере» және М.Мақатаевтың «Таңдамалы шығармалары» талқылау сағаттары студенттердің белсенді қатысуымен өтті. 2012-2013 оқу жылында топ эдвайзері М. Мамаева «Супер эдвайзер» конкурсына қатысып, топ студенттерімен бірге тамаша өнер көрсетіп, жүлделі орын «көрермен көзайымын» иеленді.

Топ студенттері өте ұйымшыл. Олар тек эдвайзермен жыл сайын өтетін «Шәкен жұлдыздары» кинофестивалі фильмдеріне, Алматы театрлары қойылымдарына, «Алматы – әлем алмасының отаны» атты қала күніне орай ұйымдастырылған шараларына бірге саяхат жасап, әсерлерімен бөліседі. Топ басшысы Ш.Ғалымзатқызы Мәкен апайының оң қолы, тіпті кафедраның жұмысына да көмектесіп жүретін елгезек қыз.

Әріптес Мәкен Қасымбекқызының айналасында үйіріліп жүрген студенттер... Ұстаз бен шәкірттің «бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты ортақ мұратпен озық отыз елдің құрамына ену үшін ұмтылып жүрген жоғары кәсіптік және білікті мамандарды көргендей боламыз.

Гүлдархан СМАҒУЛОВА,
профессор



ТҮЛҒАЛАРСЫЗ ТАРИХТЫҢ ШЫҒЫРШЫҒЫ АЙНАЛМАЙДЫ

Тәуелсіз мемлекетімізді заңдастыруға, дүние жүзіне мойындатуға көп күш салған тұлғалардың бірі әрі бірегейі – заң ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Сұлтан Сартаев. Баса айтқымыз келіп отырғаны, Сұлтан Сартайұлының қазақ қоғамы үшін сіңірген ең үлкен еселі еңбегі – «мемлекеттік Егемендік декларациясына» қосқан орасан зор үлесі туралы.

Егемендікке жету жолы, тарихтың артқан жүгі соншалықты қиын ауыр сын еді. Жоғары кеңестің сессиясында тұңғыш рет қазақ мемлекеттілігінің егемендігі туралы мәселенің қаралуы, сөз жоқ қоғамдық өмірге де зор ықпал етті деген ойдамыз. Тіптен келешекте Республика өмірінде аса маңызды рөл атқаратын бұл құжат жобасы қызу талқыланып, Парламент мүшелері декларацияның әрбір сөзіне жіті мән беріліп, ұсынысты сол бойда дауысқа салып отырған. Сөйтіп, қазақ қоғамы советтік сананың елесінен арылып, саналық сілкініс орын алды. Жоғары кеңес «мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны» 1990 жылғы 25 қазанда қабылдады. Сөйтіп, Қазақстанды жер-жаһанға танымал еткен «мемлекеттік егемендік туралы Декларация» өмірге келді.

Сұлтан Сартайұлының өзі айтпақшы: «Мен егемендік туралы декларация рухына зор құрметпен қараймын. Сабырсыздарды сабағына түсірген бұл құжаттың сол тұстағы ұлттық және азаматтық бірлесушіліктің бағасын әлі келер ұрпақ айтатын болады».

Аталмыш декларацияда бекітілген барлық идеялар мен қағидаттар барынша кеңейтіліп, биектей беретін деңгейде мемлекеттік тәуелсіздік туралы 1991 жылғы Конституциялық заңмен 1993 және 1995 жылғы Конституцияда дәйектенді. Яғни, С. Сартайұлының бұл еңбегі Қазақстанның заңнамалық жүйесінің жаңаша дамуына негіз болды.

Тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің бірі – Ата заңы болса, академик Сұлтан Сартайұлы 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Конституциямызға өзіндік жаңашыл үлесін

қоса білді. Атап айтсақ, конституцияның демократиялық құндылықтарын негіздей келе, АҚШ-тың 8 штатында болып Конституцияға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Сол күндердің биігінен қарай отырып, бұл игі істерді болашаққа жасалған сенімді қадам деп білеміз.

Сұлтан Сартайұлы ширек ғасыр бойы қсиетті қарашаңырақ ҚазҰУ-да аянбай еңбек етіп келеді. Күллі қазақ заң ғылымында С. Сартаевтың сіңірген еңбегі еселі. Осындай қазыналы қариямыз барда университетіміздің абыройы асқақтай берері де айқын. Бүгіндері біз төл университетіміз – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Сұлтан Сартайұлынан сабақ алып, шәкірті болғанымызды мақтан тұтамыз. Ұлағатты ұстазымыздың тағылымы мол дәрістерін әлі де тындап жүргенімізге шексіз қуаныштымыз. Ақылгөй дана әрі ұстаз ретінде гибратты да, сәулелі сөздерін санамызға сіңіріп, өнегесімен үлгі болып, шәкірттерінің, яғни біздердің ұстаздық атты ұлы жолды таңдауымызға себепкер болған да осы тұлға. Көкірегіңде сана, көңіліңде санқылау бар жас үшін Сұлтан Сартайұлының әр дәрісі танымы мол тарихи тағылым. Ол өз ісімен өскелең ұрпаққа тәуелсіздіктің парқын терең сезнуіне, қастерлеуіне даңғыл жол салып отыр. Осы ретте көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлағатты ұстазымызға деген алғыс сезімімізді білдіргіміз келеді. Еліміздің дербес негізде дамуын құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ете білген Сіздің еңбегіңіздің уақыт өткен сайын ерекшелене беретініне біз қамп сенеміз және өзіңіз білім нәрін сусындатып, қажымай еңбек етіп жүрген қазақтың қара шаңырағына айналған ұлттық университетіміздің 80 жылдық мерейтойы құтты болсын дегіміз келеді!

А.С. МОЛДАГАЛИЕВА,
Қ.М. БЕКМУХАМЕТОВА,
кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының оқытушылары

ТАЛАУ ТҮЛЕКТІҢ АРМАНЫНА АЙНАЛҒАН ҚАЗҰУ

Шығында да, арман боларлықтай атына заты сай әсем қалашық өз білімі мен дарытына сенетін көңілі де ізденімпаз жастардың ордасы екені барлығымызға белгілі. «ҚазҰУ болашаққа нық қадам бастырар саналы ғұмырдың бір айғағы іспетті», - дейді жалынды студенттеріміз.



Сезім мен көңілдің жетегімен кетуге де болмас, айтайын дегенім, еліміздің басты оқу орны білім алуға деген потенциалды өрлететіні ақиқат. Оның себебі де аз емес. Санал көрейік...

Қара шаңырақтың қол астына жиылған жиырма мыңға жуық ізденушінің талабын тауға қарай домалатар жағдайдың барлығы да жасалған. Әрине, мұны ғажайып әлем десе де болар, ең бастысы талай бала қыранның қанатын ұстап, қияға самғатқан студенттер сарайы, тарихи тереңде жатқан ҚазҰУ-ды бір сәтке көз алдына елестететін жеке мұражай, заман талабына сай жабдықталған үш жүз адамдық интернет орталығы тағысын тағылар.

Әлдебір романнан немесе әлдебір ауызекі әңгімелерден естіп жүрген қызықты да байыпты шаққа еніп, өмір кітапшаларының бір парағы ашылған дарынды жастарымыз өз өнерлерін көрсетіп те үлгерді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерейтойына орай Шығыстану факультетінің бірінші курс студенттерінің ұйымдастырған «ҚАЗҰУ - МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ» атты кеш өтті. Концерт студенттердің белсенді ат салысуымен: ән айту, би билеу, өлең шумақтарын мәнерлеп оқу, көрермендер арасында қызықты ойындар ойнату сияқты өнерлерін көрсетуімен ерекшеленді. Кешке қатысқан қонақтар жылы тілек-лебиздерін білдірді.

Б.Б. ЕШМЕТОВА,
шығыстану факультеті,
түркітану және үндітану кафедрасының оқытушысы;
Ж. ТАЛДЫБАЕВ,
1-курс студенті

ҚАЗҰУ-ДА ОҚЫП БІЛІМ АЛУДЫҢ ӨЗІ БІР СӘТТІЛІК

2013 жылдың қыркүйек айынан бастап ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде біз, Ауған Ислам Республикасының тыңдаушылары білім алып жатырмыз.

Біз осы университеттің түлегі болғанымызды мәртебе етеміз. Шәкірт жанын аялаған, еңбегін еш аямаған аяулы ұстаздардан тағылым алғанымызға тәубе етеміз. Бизялы жандармен өткен әр күніміз үстем болып, мәртебеміз өсіп қалады. Тарих, математика, физика, қазақ тілі, орыс тілі, биология пәндерінен дәріс аламыз. Ұстаздар тыңдаушылардың білмеген сұрақтарына білікті жауап беріп, әртүрлі тапсырмалар арқылы ой-санасының өсуіне ықпал етеді. ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары білікті, кішіпейіл, адал,

еңбекқор екеніне көзіміз жетті.

Университеттің басты ұстанымы: «Отанға қызмет ету». Университет түлектері қоғамның түрлі саласында ел дамуына, өркенденуіне жемісті еңбек етіп жатқаны туралы бізге оқытушылар әңгімелейді. Біз, Ауған жастары, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің тыңдаушылары: Ализада Райхан, Атой Насир Ахмад, Мансури Харун, Азизулла, ҚазҰУ-дың көшбасшысы болып қала беруіне, озық дәстүрлерді сақтап дамытуына тілектеспіз. ҚазҰУ ұжымын және студенттерін 80 жылдың мерейтойымен құттықтаймыз!

Г.А. МУЛДАГАЛИЕВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

Мое хобби – моя профессия!!!

По-настоящему успешные люди занимаются только тем, что любят. Не в этом ли секрет успеха? Многие из нас действительно озабочены тем, как бы добиться этого воледеленного успеха, пытаются найти тот самый философский камень, постичь так называемую «золотую формулу успеха», благодаря которой можно поймать плутовку-удачу за хвост. Но главный секрет этой чудной формулы заключается в том, что ее просто не существует. Ни в жизни, ни в бизнесе... Колин Пауэлл однажды сказал: «Не существует такой вещи, как секрет достижения успеха. Не теряйте зря времени на его поиски. Успех – это результат самосовершенствования, тяжелой работы, извлечения уроков из неудач, лояльность по отношению к тем, на кого ты работаешь и улорство». И по моему личному мнению, этот «золотой ключ» к успеху уже найден, и найден он старшим преподавателем кафедры физики плазмы и компьютерной физики Габдуллиной Асылгуль Тулепбергеновной. Ее энергии и целеустремленности можно только позавидовать. Успевает на высоком уровне проводить занятия, успешно занимается научными проектами, вести кураторство, активно принимать участие в жизни кафедры и быть заслуженным капитаном женской сборной по волейболу физико-технического факультета. Талантливый человек – талантлив во всем.

За какую-либо работу не возьмется, всегда выполнит до конца и на «Ура!». Студенты восхищены ею, по их словам, в любое время рабочего дня, если подойти с вопросами, пусть это будет по предмету или по личному делу, всегда поможет найти выход из ситуации. Она истинный педагог, который на стороне постоянной и кропотливой работы над собой по совершенствованию.

С.А. СЫЗГАНБАЕВА,
преподаватель кафедры физики плазмы и компьютерной физики

27 мая в рамках юбилейной декады состоится награждение победителей конкурса среди СМИ и журналистов «КазНУ – кузница казахстанской элиты»

Яркие страницы жизни университета в моей памяти

Я поступил студентом в университет, когда он жил послевоенным стимулом.

В том году в университет шли юноши, заждавшиеся мирной созидательной жизни. Много было молодежи, как писал Твардовский, «опаленной войной», она восторженно входила в жизнь. Словом, в университете жизнь закипала ключом, у каждого в душе витали подъем и радость.

Первое мое знакомство с общественным обликом университета связано со встречей с ректором И.К. Лукьянцем на первой же неделе начала занятий. Собрание состоялось во дворе общежития. Ректор пришел узнать об устроенности быта студентов. Было высказано много жалоб. Ректор строго, конкретно озадачил проректора по хозяйственной работе Сушкова. Быт студентов был быстро налажен.

Он навестил нас, первокурсников филфака, во время нашей работы в подходе университета. Для нас подхоз был раем: обилие фруктов и овощей, чистый воздух, красивая работа. Ректор беседовал с нами об университете, подходе и по-отечески советовал нам здесь набраться сил и укрепить здоровье. Он говорил с юмором. Это начало студенческой жизни я причислил к добрым приметам будущего.

С первого курса мы, студенты, обучавшиеся по специальности «Казахский язык и литература», были приобщены к лекциям высокого класса. Академически обстоятельными, с широким охватом связей предмета, многоаспектными были лекции М.О. Ауэзова по фольклору. Речь его была колоритной, захватывающей.

Красноречиво, напористо читал лекции Х. Жумалиев. Он не терпел, чтобы студенты отвлекались на лекциях. Чуть заметил, что студентки ослабили внимание, он обращался: «Бойжеткен, мен не айттым?».

Вдохновенными с большой эрудицией, насыщенные фактическим материалом, были лекции Н.Т. Сауранбаева. Он обширно привлекал к освещению истории казахского языка факты письменных памятников, указывал на конкретные источники. Он возбуждал в нас интерес к этим памятникам, направлял к знакомству с ними. Н.Т. Сауранбаев читал лекции с большим подъемом, погруженный в свою лекцию. Временами он делал несколько затяжек папирисой (это тогда не возбранялось). Он был вице-президентом Академии наук.

Нам повезло, что мы учились у таких ученых, как С.Кенесбаев, М.Балакаев, И.Маманов, Е.Исмаилов.

В моем выборе профессии большую роль сыграл И.Е.Маманов. Он был внуком знатного Семиреченского бая Мамана. Отец его Есенгул был меценатом ряда казахских писателей, творил много благотворительных дел. Советская власть долго подвергала их гонениям. В 30-ые годы отец был сослан в Псков, а он - в Красноярский край в село Ачинск, населенное татарами. Ибраим



Маманов учил их детей русскому языку и татарской грамоте, организовывал их торжества. Он им пришелся по душе, и когда закончился срок ссылки, они говорили: «Не возвращайся, там тебя снова засудят». Ачинские люди как в воду смотрели: Ибраима Есенгуловича и после этого ссылали много раз. Закаленным в помощи отцу в купеческих делах, он был нестигаем. При всех трудных обстоятельствах он мог организовать: защитил диссертацию, стал доцентом, деканом филологического факультета. Увлеченно он сотрудничал со студентами: приносил им для курсовой работы книги из личной библиотеки. Заинтересованно ходил на все факультетские и комсомольские собрания, посещал студенческое общежитие.

Не была сладкой и ровной жизнь и других ведущих преподавателей. В 40-е, 50-е годы ежегодно творческая интеллигенция подвергалась идеологической зачистке по всей огромной территории СССР. Чистка не обходила и Казахстан: ряд наших преподавателей увольнялись с работы, больше всех под удар попадал М.О. Ауэзов. Через полгода-год они возвращались и с прежней энергией, без обид на жизнь брались за наше обучение.

После такого возвращения М.О.Ауэзов предпочитал входить в учебный корпус со стороны двора, там было тихо и уединенно, он шел, тихо мурлыкая про себя какую-то мелодию. Я думал: в хорошем настроении академик, но позже я понял: он напевал свою непростую судьбу.

Большим испытанием для ректора Т.Т. Тажибаева была развернувшаяся в начале 50-х годов кампания вокруг талантливой книги Е.Бекмаханова о национально-освободительном движении во главе с К.Касымовым и поиск националистов среди казахской интеллигенции. К таким приписали Е.Бекмаханова, М.Ауэзова, Е. Исмаилова. Т.Т.Тажибаев мужественно

встал на их защиту, но не смог их защитить.

Я был свидетелем того, как Т.Т. Тажибаев вместе с А.Нусупбековым на заседании Ученого совета университета яростно боролся с теми, кто хотел изгнать из исследовательской жизни национально-освободительную борьбу казахского народа, стереть её из памяти народа.

Т.Т. Тажибаев сам попал в опалу, был освобожден от должности ректора, он в течение нескольких лет был советником советского посольства в Индии. Т.Т. Тажибаев вернулся в КазГУ, отлично овладев английским языком. Учебный корпус по улице Толеби, в послевоенное непростое время был построен им.

Энергичное поступательное развитие университета наметилось с приходом в его руководство У.А.Джолдасбекова и началом строительства учебного и жилого комплекса на обширном плато у подножия Алатау. И первой реальностью этого начала было введение в строй учебного корпуса биофака. К открытию корпуса был приглашен Д.А.Кунаев. Весь педагогический коллектив собрался у здания. Д.А.Кунаев прибыл в сопровождении ряда руководителей республики. Он приветственно махал нам рукой и пожатием обеих рук поздравлял всех. Это было началом освоения обширного, прекрасного учебно-жилищного комплекса, который мы сейчас имеем.

Другое знаковое событие в жизни университета связано с Всесоюзным совещанием работников Высшего образования СССР. Совещание состоялось в 1980 году в Кремле. Совещанием руководил член Политбюро ЦК КПСС М.А. Сулов. С докладом выступил министр Высшего и среднего специального образования СССР В.П. Елютин. В докладе вдруг прозвучало, что в экономическое, социальное развитие всей страны большой вклад внесли Московский государственный университет, Ленин-

градский государственный университет и Казахский государственный университет. Заслуги нашего университета были признаны в ряду с очень известными учебными заведениями. Ведь наш университет был относительно молодым, в стране было много учебных заведений с более длительной историей. Я и К. Касымов, ректор пединститута им.Абая, сидели рядом с У.А.Джолдасбековым, мы пожали ему руку. Вокруг сидели многие из соседних республик, они одобритительно кивали головой в сторону Умирбека Арслановича. Вечером после заседания мы провожали У.А.Джолдасбекова в гостиницу, он по пути сказал: «Скоро ли эта весть дойдет до Казахстана?»

Я в шутку сказал: «Ветер уже давно донёс» и не ошибся. Когда мы пришли в номер гостиницы, Мая Михайловна с порога поздравляла нас.

Оценка, данная в докладе, была авторитетной. Случай этот выявил огромный образовательный, интеллектуальный потенциал республики.

В студенческие годы поддержкой и вдохновителем для нас был Алматы, город уютный и ласковый, весь утопающий в цветах сирени. Он не- редко дарил нам чудесные природные явления. Бывало, в миг собирались тучи, и обрушивался ливень. По стеклу окна текли ручьи, на улице стояла сплошная, струящаяся стена. И в миг ливень прекращался, открывалась бездна голубого неба. В перерыве студенты высыпали на мокрый асфальт улицы Советской, окунувшись во влажный воздух. Все вокруг заполнялось их пестрым разноцветьем. В душу вселялась неиссякаемая радость и бодрость, они живут в нас по сей день.

Сейчас университет энергично трудится над наращиванием своих возможностей служить стране. Пусть сопутствует ему успех, пусть ему будет в помощь наш труд.

Р.С. АМИР,
профессор кафедры казахской филологии

Қара шаңырағымызға – 80 жыл

Сыры мол сексен жыл



1934 жылы қазақтың кең даласында, құлпырған Алматыдай қаласында шоқтығы биік әлемге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бой көтерді. Еліміздің жан-жағынан білім қуған жастар келіп, осы университетте білім нәрімен сусындап келеді. Ол әлемдегі жоғары оқу орындары арасындағы беделі жоғары және өзіндік статусы бар университет. Еліміздің көк туын желбіреткен бұл жоғарғы оқу орны Қазақстанның бір айнасы іспеттес, қазақ елінің дамуына зор үлес қосуда.

Биыл Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл толды. Осы жылдар ішінде университетіміз талай биік шыңдарды бағындырып, талай шәкіртті тәрбиелеп, талай оқытушы-ұстаздардың білімін шыңдап, талай белестерден өтті. Бұның бәрі тек бастамасы десек қателеспейміз. Алда әлі талай биікке жетіп, еліміздің абыройын асқақтатынына нық сенеміз. Оның бәрі тек жастардың, біздің қолымызда.

Университеттің өзінің қалашығы бар. Қалашықта зәулім сарайдай оқу корпустары, аспанмен таласқан ректорат, өнер ордасы болып табылатын Ө. Жолдасбеков атындағы жастар сарайы, ұлы ғұлама әл-Фараби атындағы жастар сарайы, ғылыми кітапхана, интернет орталығы, дене шынықтыруға арналған стадион мен спорт кешені, алғашқы және шеттен келген шетелден келген жастарға арналған жатақхана бар. Бір сөзбен айтқанда, студенттерге барлық жағдай жасалған.

Бауыржан Момышұлы айтқандай, "Тәртіпке бағынған ел құл болмайды" демекші, ҚазҰУ қалашығында тәртіп жақсы бақыланады. Қалашықта барлық студенттерге арналған міндетті заңдар бар. Осы заңдарға барлық студенттер бағынып, ҚазҰУ қалашығында тәртіпті де, тәрбиелі, салауатты өмір салтын ұстанып өмір сүруде.

Ботакоз БЕКМАШЕВА,
жаратылыстану факультеттеріне арналған
шетел тілі кафедрасының аға оқытушысы

Міне, төрт жылдың зымырап өте шыққанын да байқамай қалыппыз. Көш алға жылжып, уақыт та алмас қылыштай болып өте шықты. Осынау төрт жылдың ішінде ой-өрісіміз де кеңейіп, білімге деген құштарлығымыз да артып, маман болып қалыптасып келеміз. Тұлға болып қалыптасуыма, ең алдымен, ақылы мен тәрбие-өнегесін берген ата-анам, сосын мектептегі ұстаздарым мен ҚазҰУ-дың білімді де ұлағатты ұстаздары ықпал етті. Біреуге арман болған, енді біреулерге ұмытылмас студенттік естеліктер сыйлаған осынау қара шаңырақтан халық алдында жүрген ақын, әнші, тілші, депутат, саясаткер, экономистер де аз емес. Әрине,

барлығын теріп айтып та шығу мүмкін емес, себебі ҚазҰУ-дың әлі де халқына сыйлар даналары мен білігірлері жетіп артылмақ.

Адамның жасы неғұрлым ұлғайған сайын, соғұрлым кемелінің асыптасары да хақ. ҚазҰУ-да ақылы асып, білімі артқан ежелгінің данагөй қарты іспетті. ҚазҰУ-ымның өзі жердің магниті секілді. Алдымен барлық балапанды жинайды, магниттей тартады, содан соң ұшуға талпынған балапандары қыранға айналып, қанат қағады. Мерейтойыңмен, ҚазҰУым!

Жазира САХИПОВА,
ЭЖБЖМ-нің 4-курс студенті

ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Осы атаумен жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының 65 жылдығына орай халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Биылғы оқу жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерейтойымен ерекше есте қалатын жыл болып табылатыны сөзсіз. Осы жылы университетіміз алғаш рет «Әлемдік топ – 300» үздік ЖОО қатарына енуі кездейсоқ емес, себебі 80 жылдық тарихы бар еліміздегі көшбасшы университет өзінің әліде жоғары өрлеп алдыңғы орындарға жетуге мүмкіндігі мол. Университеттің жоғары деңгейге шығу жолында ғылым саласын терең дамытып, оның сапалық деңгейде жоғары талаптарға сай болуын үнемі назарда ұстап отыруында. Ғылымды дамытудың бір жолы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларды көбірек өткізіп, тәжірибе алмаса отырып, жастарды ғылымға тәрбиелеу екені белгілі. Осындай мақсатта ұйымдастырылған конференция аясында «Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияның өзекті мәселелері мен орнықты дамуы», «Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық үрдісіндегі адамзаттың дамуы», «Қазіргі географиялық зерттеулердегі ГАЖ», «Физикалық география мен геоэкологиядағы негізгі мәселелер», «Жерге орналастыру мен кадастрдағы қазіргі мәселелер», «Топырақтану және топырақты қорғау» бағытында бөлімдер жұмыс жасады.

Конференцияда география ғылымдарының қазіргі кезеңдегі мәселелері, еліміздегі климат, су, топырақ және

экологиялық мәселелердің бүгінгі және ертеңгі жағдайы географиялық тұрғыда қарастырылып, шешімін таппаған мәселелерге ғылыми тұрғыда сараптама жасалды. География ғылымының әлемдегі болып жатқан экономикалық, әлеуметтік және саяси оқиғаларға да тығыз қатысты екендігі ескеріліп, көптеген мәселелерге талдау жасалынды.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде география институтының директоры, г.ғ.д., профессор А.Р. Медеу «Қазақстандағы география ғылымының даму жағдайы мен болашағы» атты тақырыпта жоғары деңгейде баяндама жасады. Баяндамада Қазақстанның трансшекаралық өзендері мен олар құятын көлдердің қазіргі жағдайы мен болашағына ғылыми тұрғыда сараптамалық талдау жасалып, жиналған ғалымдарды тәнті етті. Әсіресе биылғы 80 жылдықта география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының түлегі Медеу Ахметқал Рахметоллаұлы бастаған географ ғалымдар «мемлекеттік сыйлықтың лауреаты» атанғанының өзі мемлекетке, университетке және география ғылымына қосқан үлкен ғылыми еңбек екені айтпаса да түсінікті.

Пленарлық мәжілісте сондай қызықты өткен және қатысушыларды өзіне тартқан баяндама г.ғ.д., профессор Ш.М. Надыровтың «Қос полярлы әлемдегі Орталық Азия аймағының

дамуы» атты баяндамасы. Баяндамада қазіргі Украинада болып жатқан жағдайлар талданды және Орталық Азия аймағының геосаяси мәселелері, ондағы Қазақстанның алатын рөліне тоқталып, көптеген экономикалық, саяси тұрғыда жасалған географиялық карталар ұсынылды. Баяндамаға қатысушы ғалымдардан көптеген сұрақтар қойылып талқыланды.

«География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ғылым және білім берудегі мүмкіндігі мен дамуы» тақырыбында кафедра меңгерушісі г.ғ.д., профессор Г.Н. Нүсіпова университет пен кафедраның даму тарихына және кафедраның елімізге және шетелге белгілі тұлғаларына тоқталып, олардың ғылым мен саясаттағы еңбектеріне тоқталды. Университет пен кафедраның алдағы даму жоспарларын және жоғары деңгейге көтеру мәселелерін баяндады.

Конференцияда PhD Мехмет Арслан (Түркия), г.ғ.д. Чонтоев Д.Т. (Қырғыз Республикасы), О.О.Оспанов атындағы топырақ және агрохимия институтының директоры а.ш.ғ.д., профессор Сапаров А.С., мемлекеттік ауылшаруашылығын аэрофотогеодезиялық іздеу институтының директоры Бегманов А.С. және т.б. баяндама жасады.

Конференцияның екінші күні университеттің құрдасы а.ш.ғ.д., профессор Жамалбеков Есбол Үсенбекұлының мерейтойына байланысты «Топырақтану және топырақты қорғау» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел

барысында Қазақстан топырағы мен ауылшаруашылығындағы топырақтың қазіргі жағдайы және оны қорғаудың жолдары талқыланып, көптеген құнды пікірлер айтылды, әсіресе а.ш.ғ.д., профессор Жамалбеков Е.Ү., Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ, «Экология» ҒЗИ-ның директоры, т.ғ.д. Акбасова А.Ж., Экология мәселелері ҒЗИ-ның зертхана меңгерушісі, б.ғ.д., профессор Биғалиев А.Б., Ө.О.Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институтының қызметкерлері б.ғ.д., профессор Қозыбаева Е.Ү., б.ғ.д., профессор Мамутов Ж.Ү., а.ш.ғ.к. Кусаинова М.Ж., коллоидты-дисперсиялық минералогия ҒЗИ-ның директоры г.ғ.д., профессор Султанбаев Е.А. және т.б. айтқан пікірлер мен ұсыныстар ғылыми тұрғыда өте пайдалы болды.

Жалпы алғанда осындай халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың ғылымды көтеруге және жастарды ғылым жолында тәрбиелеуге, сонымен қатар қазақ ұлттық университетінің әлемдік деңгейде алға жылжуына септігін тигізері хақ.

Г.Н. НҮСИПОВА,
география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының меңгерушісі
г.ғ.д., профессор;
Ә.Т. МЫЛҚАЙДАРОВ,
А.А. ТОҚБЕРГЕНОВА,
доценттер

29 мая в рамках юбилейной декады пройдет Международная ярмарка книг
«От интеллектуального чтения - к интеллектуальной нации»

ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫН ӨТКІЗДІ



Білімнің қасиетті қара шаңырағы ҚазҰУ студенттерді біліммен ғана емес, азаматтық-патриоттық тәрбиемен де сусындатады. Студент жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеудегі негізгі маңыздылық жастардың қоғамдық саяси деңгейін жоғарылату ұлттық рухта, ұлтаралық татулықта тәрбиелеу, адамгершілік нормаларды меңгерту,

гуманистік көзқарасты қалыптастыру, дінге сенушілерді қоғамдық өмірге бағыттау, волонтерлікті дамыту болып табылады.

Университетімізде тәрбие жұмысы бойынша өткізілетін «Айналанды нұрландыр!» , «Жасыл кампус», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобалары бойынша студенттер жұмыс жасайды. Волонтерлікті дамыту мақсатында 2,3-курс «мәдениеттану» мамандығының студенттерімен «Мейірім шуағы» атты факультет көлемінде қайырымдылық акциясын жүргіздік. №2 «Жанұя» балалар үйінің директоры Талғат Мұхаметқалиұлымен алдын ала келісіп, балалар үйіне бардық. Акция барысында студенттер жетім балалар үйіне жазғы каникулда уақыттарын өткізетін спорттық заттарды, киімдерді, кішкене бұлдіршіндерге тәттілерді, ойыншықтарды тапсырды. Студент жастардың балалар үйінен шыққанда, олардан ойлы көзқарасты көрдім. Сол күні кешке 3-курс «мәдениеттану» мамандығының студенті Шырай есімді студентім электронды поштама өзінің балалар үйінен алған асерін жазып жіберіпті. Шырайдың «Жетім көрсен, жебей жүр»... атты тақырыптағы толғанысы жастар бойындағы мейірімді аңғартты. Университетте өткізіліп жатқан тәрбие жұмысы бойынша іс-шаралардың жастарды адамгершілік-патриоттық рухта тәрбиелеуде үлкен маңызы бар!

Әсем МҮХАНБЕТ,

дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЙҚАУ!!!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті оқытушы-профессорлар құрамының бос жұмыс орындарына байқау жариялайды

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

2014 жылдың маусым айының 18-ші жұлдызына дейін

Қажетті құжаттардың тізімі:

1. Университет ректорының атына өтініш;
 2. Кадрларды тіркеу жөніндегі жеке іс парағы;
 3. Өмірбаян;
 4. Нотариалды расталған жоғары білім, академиялық және ғылыми дәрежесін растайтын дипломдарының көшірмесі;
 5. Ғылыми атағын растайтын аттестат көшірмесі;
 6. Ғылыми еңбектерінің тізімі;
 7. Анкета;
 8. Соңғы жұмыс орнынан мінездеме;
 9. Біліктілікті арттыру сертификаттарының көшірмесі;
 10. №086 медициналық анықтама және флюорография.
 11. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Академиялық саясаты бойынша тест тапсырғаны туралы анықтама (www.kaznu.kz).
- Жарияланған бос орындар жөніндегі нақты мәліметпен «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің 2014 жылғы 17 мамырдағы сандарында жарияланған хабарландыру арқылы танысуға болады.

Құжаттар келесі мекенжайда қабылданады:

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71; №703, 704 бөлмелер;

9.00-дан 18.00-ге дейін.

(Кадр және мұрағат істері басқармасы)

Анықтама телефондары:

8 (727) 377 35 35, 377 33 30 (11-71, 11-73),

факс – 377 33 44

ТӨРЕШІ - ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАР

Сәуір айы қазақ филологиясы кафедрасы үшін оқу жылындағы ерекше ай деуге болады. Осы айда шетелдік ғалымдар Адам Мицкевич атындағы Познань университетінің профессоры Хенрык Янковский, Стамбул университеті әдебиет факультеті тіл білімі бөлімінің профессорлары Девели Хаяти мен Мұрат Елмалы, ҚХР Бейжің Орталық ұлттар университеті қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің профессоры Еркін Ауғали келіп студенттер мен магистранттарға дәріс оқыды. Сонымен қатар факультеттегі атаулы іс-шараларға қатысып, белсенділік танытуы, өзіміздің ұстаздар арасынан табылуы студенттер көңілін марқайтты.

Студенттер білімін тексеретін интеллектуалдық жарыс кафедраның ұйымдастыруымен биыл да өз мәресіне жетті. Факультетте өткізіліп тұратын дәстүрлі жарыстың басты ерекшелігі бірнеше сағат қалғанда ғана айтылады. «Бағын сынап көретін» студенттермен қатар, залдағы басқа да көрермендер қатысуға болады. Қазақ филологиясы кафедрасының доценттері С.Ақымбек, Ә.Әміров ұйымдастырған сайыстың басты мақсаты – 1, 2, 3-курста өткен теориялық білімдерді практикамен ұштастыра отырып, болашақ тіл мамандарының кәсіби құзіреттілігін тексеру. Жарысқа бұл жолы шетелдік ғалымдар Адам Мицкевич атындағы Познань университетінің профессоры, Абайдың қара сөздерін поляк тіліне аударған түрколог Хенрык Янковский, ҚХР Бейжің Орталық ұлттар университеті қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің профессоры

Еркін Ауғали төрелік етті. Қатысушылар үйренген апай-ағайлары емес, шетелдік ғалымдар алдында жүрексінгенімен, бірақ, қазақстандық студенттер білімінің жоғары екендігін көрсету үшін намысқа тырысты.

Профессор Хенрык Янковский студенттердің тез жауап берген ұшқыр жылдамдықтарына бас шайқап, таңғалғанын жасырмады. Жарыста үшінші орын 3-курс студенті Сағатбек Ернұрға бұйырса, 2-курс студенті Мұхаммедкерім Мұхит екінші орынды қанжығасына байлады. Ал бірінші орынды өзінің біліктілігімен, ұшқырлығымен 3-курс студенті Үкібаева Маржан иеленді.

Е. САҒАТБЕК,

филология, әлем тілдері және әдебиеттану факультетінің 3-курс студенті

МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУ- ТАБЫСТЫ ӨМІРДІҢ КІЛТІ

Кәсіби бағдар жұмысы аясында философия және саясаттану факультеті жалпы және этникалық педагогика кафедрасының меңгерушісі Ә.Қ. Мыңбаеваның жетекшілігімен Алматы қаласы жалпы білім беретін мектеп оқушылары мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілері арасында семинар-тренингтер жиі өткізіліп тұрады.

Оқушыларға болашақ кәсіптерін таңдауға және ҰБТ алдында жағымды психологиялық ахуал орнату мақсатында жалпы және этникалық педагогика кафедрасының аға оқытушысы Рамазанова С.А., оқытушы Ельбаева З.У., ассистент Ертарғынқызы Д. психологиялық тренингтер мен кеңес беру жұмыстарын өткізуді дәстүрге айналдырды. Атап айтсақ, Алматы қаласы №33 мектеп-лицей, №67-жалпы орта білім беретін мектеп, №81-мектеп-гимназия, №119-гимназия, №138-гимназия, №1, №2-балалар үйі тәрбиеленушілерінің 10-11 сынып оқушылары арасында «Менің болашақ мамандығым», «Болашақ өз қолыңда», «Мен таңдайтын мамандық» секілді тақырыптарда әлеуметтік-психологиялық семинар-тренингтер ұйымдастырылды. Аталмыш семинар-тренингтер барысында оқушыларға «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтары, олардың қажеттілігі мен маңыздылығы туралы баяндалды. Университет туралы презентация жасалынып, буклеттер таратылды. Кездесулерде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық білім кеңістігінде алатын орны мен стратегиялық даму бағыты туралы да сөз қозғалды.

Д. ЕРТАРҒЫНҚЫЗЫ,

жалпы және этникалық педагогика кафедрасының ассистенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай: kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Гамма-принт" баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 626

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.